

**"Өнер" бағыты бойынша
Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің
- Оқу-әдістемелік бірлестігі (РОӘК ОӘБ)
№4 отырысының
ЖОБА ШЕШІМДЕРІ
2025 ғы «04» маусым айы**

1. Бірінші сұрақ бойынша: Рейтингі жоғары ғылыми журналдарда жарияланымдары бар алыс шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарынан шетелдік мамандарды оқытушылық қызметке тарту тәжірибесі туралы.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Тлеубаева Балжан Сейдрамановна және Харламова Татьяна Валерьевнаның баяндамаларын назарға алу.
2. "Өнер" бағытында маман даярлауды жүзеге асыратын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары әлемдік ғылыми-білім беретін және шығармашылық кеңістікте білім беру сапасы мен ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігін, білім беру бағдарламаларының беделін арттыру, қосымша сыртқы зияткерлік ресурстарды тарту мақсатында өнер саласындағы жетекші шетелдік мамандарды тарту бойынша жобаларды іске асыру жөніндегі қызметті жандандырсын.
2. Екінші сұрақ бойынша: Өнер салаларында мемлекеттік тілде терминологиялық қор құру мәселелері

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Ізім Тойған Оспанқызы және Кенжебаева Лейла Абдыганиевнаның баяндамаларын назарға алу.
2. Білім беру бағдарламаларын іске асыруды жүзеге асыратын "Өнер" бағытындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары мемлекеттік тілдің толыққанды қолданылу мақсатында терминологиялық қорды зерделеу және оқу процесіне оларды енгізу бойынша жүйелі жұмысты жүзеге асыруды жалғастырсын.
3. Үшінші сұрақ бойынша: ОӘБ-РОӘК грифін алу үшін оқу құралдарды басып шығару бойынша ұсыныс

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Гизатова Гульнара Бисенгалиевнаның баяндамасын назарға алу.
2. Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының базасында «Өнер» бағыты бойынша РОӘК-ОӘБ грифін беру және басып шығару: «Хрестоматия. Хор сыныбына арналған». Авторы: Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Дирижерлеу» кафедрасының меңгерушісі Берекешев Ғалымжан Карибжанович.

«Өнер» бағыты бойынша
РОӘК ОӘБ төрағасының
орынбасары, оқу және
оқу-әдістемелік жұмысы
жөніндегі проректор



Ш.Қ. Ергөбек

«Өнер» бағыты бойынша
РОӘК ОӘБ хатшысы



Г.Б. Гизатова